Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

21 мамыр сенбі
№40 (1845)
2022 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

16 мамыр темір тұлпар десе ішкен асын жерге қоятындар үшін маңызды күн болды. Жеңілдетілген автонесие бағдарламасына өтінім қабылдау уақытын асыға күтіп жүргендер бұл күні автосалондарға қарай жүгірді. Арманындағы су жаңа көлікті тізгіндеуді армандап, қалта көтермей жүргендер үшін бұл жақсы мүмкіндік екені рас. «Аман болсам, несиеден құтылармын» дейтіндердің бұл бағдарламаны еленде күтіп жүргеніне де біршама уақыт болды. Оның үстіне 4 проценттік несие деген көп адамның көңіліне жаққаны белгілі. Ел күткен бағдарлама бойынша өтінім қабылдау 16 мамырдан басталатынын Үкімет басшысының орынбасары Роман Скляр мәлімдеген еді. Жеңілдетілген несие бағдарламасы бойынша қаржыландыру сомасы 100 млрд теңгені құрайды. Өңірлердегі автобус паркін жаңарту үшін 30 млрд теңге қаражат бөлінген. Бағдарлама бойынша 4 проценттік несиемен автокөлікті қалай алуға болады?

4 ПРОЦЕНТТІК НЕСИЕ: БАҒДАРЛАМА ӘЗІР, КӨЛІК ЖОҚ

Ең алдымен көпшіліктің қызыққаны бағдарлама бойынша несиеге көлік алудың сыйақы мөлшерлемесі 4 процент ғана. Ал кез келген автосалонға бас сұғып, екінші деңгейлі банктер немесе қаржы ұйымдары арқылы несие рәсімдесеңіз сыйақы мөлшерлемесі 19 процеттен әрі жоғарылай береді. Бағдарламаның ең тиімді тұсы да осы аз процентпен берілетіндігі. Бағдарлама бойынша несие сомасы 10 миллион теңгеден аспайды. Яғни осы қаржы көлемінде несие рәсімдеу қажет. Ал қаржыландыру мерзімі 7 жылдан аспауы тиіс. Бастапқы жарнасыз берілетінін де бір артықшылыққа қосып қойыңыз. Ал жеңілдетілген несиемен берілетін автокөліктің құны 15 миллион теңгеден аспауы керек. Айта кетелік, несиелендіруді екінші деңгейлі банктер жүзеге асыруда. Олардың қатарында «ЦентрКредит» банк, «Халық» банкі, Каспий» банкі, «Форте» банк және «Еуразиялық» банк бар. Бағдарлама аясында жеңілдетілген несиемен көлік алудың талабы болады. Яғни несие алушыға екі жылдың ішінде бір реттен артық автонесие алуға болмайды. Жеңілдетілген несиемен автокөлік алудың жолдары қандай?

2 БЕТТЕ

Мемлекет басшысының Конституцияға өзгеріс енгізуді жалпыхалықтық референдум арқылы жүзеге асыру туралы ұсынысы өркениетті елдердің ұстанымына сай. ҚР Парламенті Сенатының депутаты Мұрат Бақтиярұлы осындай пікір білдірді. Халық қалаулысы өңірлік коммуникациялар орталығында Сыр журналистерімен еркін форматта кездесті. Ол – бүгінде референдумды өткізуге байланысты құрылған республикалық штабтың мүшесі.

Жаңа Қазақстанға жол

– Естеріңізде болса, Конституция 1995 жылы 30 тамызда жалпыхалықтық референдум арқылы қабылданған еді. Содан бері 27 жыл уақыт өтіпті. Оған қаншама өзгертулер енгізілді? Еліміздің Ата заңы биліктің үш тармағының тепе-теңдігін тек қағаз жүзінде ұстап, ал іс жүзінде авторитарлық суперпрезидентік билік орнатты. Демократияның негізгі принциптері бұзылды. Ал қазір жағдай мүлдем бөлек. «Президенттің басты ұстанымы – халықтың үніне құлақ асатын, бір-бірінен тәуелсіз Атқарушы, Заң шығарушы және Сот билігін орнату. Бүкіл өркениетті елдердің ұстанымы осындай, – деді сенатор.

Кездесу барысында депутат Ата заңға енгізілетін өзгерістердің болашақта халықтың жағдайының жақсаруына оң әсер ететінін баса айтты. Өйткені Парламенттің рөлі мен мәртебесін күшейте отырып, сайлау жүйесін реформалау, жаңа саяси партиялардың құрылуы маңызды. Әрбір азаматтың ұсынысы, қолдауы және белсене атсалысуы референдумның іске асуына ықпал етпек. Бұл референдум арқылы тарихи шешімдер қабылданады. Сондықтан ел тағдырына бейжай қарамайтын әрбір адам өз таңдауын жасап, осы науқанға атсалысуы керегін тілге тиек етті.

Сонымен қатар референдум әр қазақстандыққа өз пікірін білдіруге, мемлекеттік басқару процесіне араласуына мүмкіндік беретінін айтқан депутат жалпыхалықтық референдумдағы дауыс берудің ережесі мен шарттарына тоқталды. Сондай-ақ қабылданатын өзгерістерді тілге тиек етті.

– Референдум «Жаңа Қазақстан» құру жолындағы алғашқы нақты әрі батыл қадам. Өйткені мемлекеттік құрылыстың құқықтық негізін құрайтын Ата заңға енгізілетін өзгерістер халық талқысына шығарылып, барша қазақстандықтардың ой-пікірін ескере отырып, қабылданғалы отыр. Біз болашақ даму жолымызды бүкіл ел болып бірлесе шешкелі отырмыз. Бұл қадам ел ертеңі үшін әрбір азаматтың көзқарасының қаншалықты маңызды екенін, жаңа мемлекет құруда өзінің де үлес салмағы барын сезінуге мүмкіндік береді. Сондықтан референдум көзделген уақытта өтіп, ортақ ұмтылысымыздың нәтижелі болатынына еш күмән жоқ, – деді депутат.

Басқосуда халық қалаулысы Президент пен Парламент өкілеттігіндегі жаңашылдыққа айрықша назар аударды. Сондай-ақ жер мәселесі, мемлекеттік тілге байланысты пікірін білдірді. Одан кейін заңгер ретінде өлім жазасының Ата заңнан алынып тасталуына тоқталды. Қазақстанда өлім жазасына 2003 жылдан бері мораторий енгізілген еді. Енді міне, заң жүзінде мүлдем тыйым салынбақ. Сонымен қатар журналистердің Конституциядағы өзгерістер мен толықтыруларға байланысты қойған сауалдарына жауап беріп, жіті түсіндірді.

Ақмарал ҚАДЫРХАН

БАТЫРДЫҢ ӘН МҰРАСЫ ТУҒАН ЖЕРІНДЕ

Ежелден Сыр өңірі – небір саңлақтарды тудырып, бесігіне бөлеп тербетіп, қыранша қияға ұшырған алтын ұя, қасиетті қоныс. Осы қастерлі мекеннің ән әлемінде өзіндік қолтаңбасын қалдырып, тыңдарманын қалыптастырған әнші-композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Батырхан Шөкеновтің бәсі биік.

Биыл Батырхан Шөкеновтей Сырдың даңқты ұлының өмірге келгеніне 60 жыл толып отыр. Тума таланттың 60 жылдығына орай «Отан-Ана» республикалық әншілер байқауы өтті.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Батырхандай саңлақ ұлдың анасы Дилара Ибрагимқызына құрмет көрсетіп, сый-сияпат жасады. Өз кезегінде қала әкімі Асылбек Шәменов те өнер иесінің анасына ілтипат көрсетті.

Әншінің 60 жылдығына арналған «Отан-Ана» тақырыбындағы республикалық әншілер байқауы жоғары деңгейде өтті.

Екі кезеңге созылған конкурста еліміздің түкпір-түкпірінен келген 20 талапкер Батырхан Шөкеновтің репертуарындағы және еркін тақырыптағы әндерді орындады. Кең тынысты Сыр елінің дарынды ұлы шырқаған әсем әндер жас әншілердің орындауымен қазақ аспанына қайта қалықтады.

Талапкерлердің өнерін композитор, музыкант Ринат Гайсин, әнші, композитор Қайрат Баекенов, әнші Мадина Сәдуақасова, Динара Каирова және композитор Сәбит Ұлықпанұлы бағалады.

Сайыс қорытындысы бойынша қызылордалық Ақбота Құснадин бас жүлдені жеңіп алды. Бірінші орын Алматы облысынан қатысқан талапкер Алмагүл Батталиеваға бұйырды. Жүлделі екінші орын елордалық Айдын Жұмабаевқа табысталды. Үшінші орынның жүлдесін Аягөз Аралбайқызы, Азамат Бекбергенов, Жанасыл Елубаев, Айдана Риза өзара бөлісті.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге арнайы дипломдар мен естелік сыйлықтар берілді. Конкурстың гала концерті орталық алаңда жалғасты.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ
Суретті түсірген **Нұрболат НҰРЖАУБАЙ**

СУ ТАПШЫЛЫҒЫ ТУЫНДАЙДЫ

Сырдария өзенінің жағдайы соңғы жылдары халықты уайымға салып қойғаны белгілі. Себебі Сырдарияда су таусылса аймақта қуаңшылық болатыны көпке мәлім. Осыдан бір ай бұрын өзен арнасына су толып, тұрғындар қуанған еді. Сол уақытта облыстағы бірнеше көлге су жіберіліп, шаруалар жұмысын бастап кеткен болатын. Ал қазір Сыр өзенінің жағдайы мәз емес. Су деңгейі күннен-күнге түскен сайын шаруалар да жұмыстарына алаңдап отыр. Сондықтан су деңгейінің азаюына байланысты ауыл шаруашылығы дақылдары, оның ішінде күріш дақылын межеден аз егу жоспарланған.

– Шардарадан жоғары орналасқан су қоймаларында жинақталған су көлемі 16,7 млрд текше метр. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 0,1 млрд. текше метрге артық. Сырдария өзені бассейіндегі ең үлкен су қоймасы Тоқтағұлда 10 млрд

текше су бар. Бүгінде Көксарай су реттегішінде жинақталған судың көлемі 140 млн текше метрді құрады. Қазіргі уақытта облыс төңірегіне секундына 506 текше метр су түсуде. Одан Сырдария өзенінен облыс аумағына секундына 520 текше метр су тасталуда. Қазіргі таңда Шардара су қоймасында 4,81 млрд текше метр су, Көксарай су реттегіш қоймасында 139 млн текше метр су жинақталды. Ал Қызылорда су торабынан Сырдарияның төменгі ағысына жіберілген су көлемі 56 текше метрді құрады, – деді Арал-Сырдария бассейндік инспекциясының бөлім басшысы Сейітхан Абуов.

Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының бөлім басшысы Жұлдызай Айтжанованың сөзіне сүйенсек, соңғы жылдары Сырдария өзеніндегі су тапшылығы көлдердің құрғауына, ауыл шаруашылығы дақылдарының азаюына әкелуде. Су тапшылығына байланысты 20 жоба іске асырылмақ.

– Биыл жалпы ұзындығы 1034 шақырымды құрайтын 162 су арнасы тазаланды. 156 су сорғы қондырғысы сатып алынды. 87 ұңғыма жөнделіп, бұрғыланды. Жаңақорған ауданында Сырдария өзеніндегі үрмелі су тоспасының істен шығуына байланысты Келінтөбе магистралды арнасы суландырылмақ. Келінтөбе магистралды арнасының 9,2 шақырымы тазаланып, қосымша секундына 14-15 текше метр су беру көзделген, – дейді облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының бөлім басшысы Жұлдызай Айтжанованың сөзіне сүйенсек, соңғы қоймайды. Себебі диқандар суды қанып ішпеген дақылдан мол өнім алу қиын екенін айтады. Сондықтан өнімді егетін кезде судың жеткізілуіне орай әрекет еткен жөн дейді мамандар.

– Облыс бойынша барлық каналдардан секундына 424 метр секунд су алынуда. Дегенмен Сырдария өзенінде күрделі су тапшылығы болуы мүмкін. Әсіресе бұл жағдай Жалағаш, Қармақшы, Қазалы аудандарында қатты сезіледі. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметіне сәйкес, 55927 гектарға күріш егіледі. Қала және аудандар бойынша күріш егу жұмыстарын 1 маусымға дейін аяқтау туралы хат жолданды. Қарапайым шаруа иелері де су тапшылығын ескеріп, егіс көлемін азайтуы керек. Олай етпесе қиын жағдайға ұшырауы мүмкін, – дейді «Қазсушар» РМК облыстық филиалы директорының орынбасары Жорабек Ерназаров.

Мамандар сөзіне сүйенсек, кәсіпкерлерге алдын ала болжам бойынша күріш егуді азайтуды айтып өткен. Себебі жазда су тапшылығы болуы мүмкін екені байқалады. Сондықтан шаруа қожалықтары су жағдайын бақылап, сусорғы қондырғыларын іске қосқаны абзал. Қалай дегенмен де диқандар егін еккеннен кейін оны күйдіріп алмаудың амалын қарастырған жөн.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Биыл жалпы ұзындығы 1 034 шақырымды құрайтын 162 су арнасы тазаланды. 156 су сорғы қондырғысы сатып алынды. 87 ұңғыма жөнделіп, бұрғыланды. Жаңақорған ауданында Сырдария өзеніндегі үрмелі су тоспасының істен шығуына байланысты Келінтөбе магистралды арнасы суландырылмақ. Келінтөбе магистралды арнасының 9,2 шақырымы тазаланып, қосымша секундына 14-15 текше метр су беру көзделген.

ҚОСШЫҢЫРАУҒА ҚАШАН ГАЗ КЕЛЕДІ?

БЕЛКӨЛДІКТЕРДІҢ БАЗЫНАСЫ ҚАНДАЙ?

ҚЫЗЫЛЖАРМАҒА ОЙЫН АЛАҢЫ ҚАЖЕТ

2 БЕТТЕ

«Өнеркәсіпті дамыту қорының» мәліметінше, ең алдымен тұтынушы дилерлік автоорталыққа жүгінеді және отандық өндіріс автомобилін таңдайды. Екінші, дилерлік автоорталықтың өкілдері қарыз алушыға VIN кодын міндетті түрде көрсетіп, бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімге төлемге шот береді. Тұтынушы банкке VIN кодын көрсетіп, төлем шотымен жүгіну керек. Мұнан соң банк тұтынушының өтінімін қабылдаған сәттен бастап, электрондық кезекке қояды. Банк тұтынушының төлем қабілеті мен несие тарихын бағалап, бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде мақұлдау және кепілдік хат береді. Кепілдік хат алған тұтынушы көлікті тіркеу үшін дилерлік автоорталыққа жүгінеді. Егер тұтынушы кепілдік хатты алған сәттен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей, банктің қарыз шартын рәсімдемесе, кезектен шығарылады. Тағы бір айта кетерлігі, өтінім бергеннен кейін автокөліктің маркасы мен моделін өзгерте алмайды немесе кезегін өзгеге бере алмайды. Бас тартқан жағдайда кезектен шығарылады.

Бұл – жеңілдетілген несиемен көлік алғысы келетін әрбір адам білуге тиіс талап. Енді бағдарлама бойынша өтінім қабылдау басталғалы бері автонарық жағдайы қалай? Осы сұрақтың жауабын білу үшін облыс орталығындағы автосалондарды аралауға шықтық.

4 ПРОЦЕНТТІК НЕСИЕ: БАҒДАРЛАМА ӘЗІР, КӨЛІК ЖОҚ

ЕКІ КҮНДЕ КӨЛІК ҚАЛМАДЫ

Ең алдымен қаладағы «Hyundai» автосалонына бас сұктық. Орталықтың ауласынан-ақ сатылатын көлік қатары көрінбейтінін байқау қиын емес. Ашық алаңқайда бар болғаны екі темір тұлпар ғана тұр. Автосалон ішінде де көз сүрінетін көп көлік жоқ. Фототілші Нұрболат Нұржаубай жанына жақын тақырып болған соң, бізден алға озып, фотоаппаратын шырт-шырт еткізіп, дамыл табар емес. Бізді қарсы алған сыпайы менеджерге алдымен сұрақ қойған да сол. «Бағдарлама бойынша көлік алуға бола ма?» – деген сұраққа автосалон менеджері дәл қазір сатылатын көлік қалмағанын айтты. Алайда көлік алу ниеті барлар осында отырған «ЦентрКредитбанк» өкіліне жолығып, кеңес ала алатынын, табысын есептетуге болатынын жеткізді. Менеджер нұсқаған жаққа бұрылсақ, екі банк өкілінің де бос емес екенін байқадық. Алдындағы тұтынушыға мән-жайды түсіндіруде. Автосалон менеджері бағдарлама басталған күннен бастап орталықта көлік қалмағанын, іште тұрған 4-5 көліктің де иесі бар екенін жеткізді. Екі күнде қанша көлік сатылғанын білгіміз келгенімен, мұндай ақпарат беруден бас тартты. Менеджердің айтуынша, енді қашан көлік келетіні белгісіз. Дәл қазір қазақстандық зауыттарда да көлік жоқ екенін айтты. Сол себепті мұнда келушілер банк өкілдеріне табысын есептеткені болмаса, бос қайтатыны белгілі. Алып-ұшып келген біз де көлік жоқ дегенді естіген соң кері бұрылдық.

КӨЛІК ЖОҚ, КЕЗЕК КӨП

Ендігі уміт – «KIA» автосалонында еді. Алайда мұнда жақындай бере есік күзеткен кезекті көзіміз шалды. Адамның көптігінен автоорталық қызметкерлері есікті құлыптап алып, санап кіргізуге мәжбүр болғанға ұқсайды. Есік алдына жақындай бере «кім соңы, кезекке тұрыңыз», «мен бағана кезек қойып кеткен едім» дегендерден шыдамсыздық байқалады. Бір кезде есік ашылып, келесі екі адамды кіргізді. Сол сәтті пайдаланып, БАҚ өкілі ретінде ішке кіріп, сұхбат алғымыз келетінін айтып үлгердік. Алайда ішке кіруге рұқсат жоқ. Санаулы минуттан соң сыртқа шыққан менеджер Нұртуған Убайдинов артық ақпарат бере алмайтынын, ол үшін арнайы хат жазуымызды сұрады. Дегенмен аз-кем әңгімеден бұл орталықта да жеңілдетілген несиемен берілетін көлік маркаларының ешқайсысы жоқ екенін білдік. Қашан келетіні де белгісіз. Көлік алғысы келетіндер 2 ай күте ме, одан көп күте ме, ол жағы да белгісіз. «Енді кезек неге көп?» деп сұрадық. Бағдарлама аясында несие тарихын, табысын есептеткісі келгендер де, бағдарлама туралы білгісі келетіндер де осында. Сондай-ақ машина кезегіне тіркеліп кетіп жатқандар да аз емес. «Кеше 500-дей адам келді, бүгін 300-ден кем емес», – дейді менеджер. Олардың барлығын кезекке қойып, тіркеп алып жатырмыз, көлік келген бойда хабарласамыз. Автоорталық өкілдері далаға шағын шатыр құрып, бір үстел қойып, келушілерді тіркеуде. Халыққа жағдай жасау үшін ішетін су да қойыпты. Келушілерді тіркеу кітабы да қалыңдай түскен. Көлік маркасын оншамұнша біле бермесек те, көлік бағалары тізбектелген қағазға көз жүгірттік. Мұнда «NEXIA» көлігі 5 млн 990 мың теңгеден басталады. «RIO»-ның ең арзаны 8 млн 790 мың болса, «Picanto» бағасы 7 млн 390 мың теңгеден әрі қарай жоғарылай береді. «Soul» маркалы көліктің ең арзаны 10 млн 190 мың теңге деп тұр. Темір тұлпар тізгіндеуге асығып, сыбырлай сұрағандар да көп. Орталық өкілдері «Екі есе бағасын төлеймін десеңіз де дәл қазір көлік жоқ» деп тәптіштей түсіндіруде. Төмен проценттік несиемен көлік алудан үміттілер аз емес. Алайда кезек күткендер көп болғанмен, көлік жоқ. Қашан келері де белгісіз.

Біз мұнан соң «Aster» автосалонына бас сұктық. Мұнда өзге орталықтардағыдай қарбалас байқалмайды. Жайбарақат, мүлгіген тыныштық. Көлік көруге келген бірдіекілі адам ғана. Орталық менеджерінен білгеніміздей, бұл орталық бағдарламаға қатыспаған. Ынта танытқанменмен, құжаттарға байланысты кедергілер болғанға ұқсайды. Бағдарламаның екінші кезеңіне қатысуға дайын екендіктерін жеткізді. Бір қызығы, мұнда көліктің түр-түрі тұр. Тапшылық сезілмейді. Қандай көлік алам десеңіз де табылады. Менеджер көлік іздеушілер келсе, қызмет көрсетуге әзір екенін білдіріп, зыр жүгіріп жүр. Мұндағы ең арзан көлік «Granta» екен. Бағасы – 4 млн 990 мың теңге.

БАҒА НЕГЕ ҚЫМБАТТАДЫ?

Бүгінде темір тұлпар бағасы аспандап тұр. Тіпті күн сайын баға құбылуда. Бұл көлік іздеушілердің пікірі. Кезек күткендер де, көлік таңдағандармен де пікірлесе қалсаңыз, көлік бағасының күн сайын қымбаттап бара жатқанын айтады. «Бір жыл ішінде баға 50 процентке қымбаттады. Енді бағдарламамен төмен процентпен көлік алуға болады деген хабар шыққалы көлік бағасы күн сайын қымбаттап барады», – дейді тұрғындар. Көлік бағасының қымбаттағанын дәлелдеудің де қажеті жоқ. Сұраныс пен ұсыныс артса, баға өсетіні заңдылық. Бұл – көлік жайын білетіндердің көз алдындағы көрініс.

Ендігі мәселе – көлік іздегендердің күткені қашан келетіндігінде. Бағдарлама әзір, көлік жоқ. Түйінді мәселе шешімін табуы тиіс.

Суретті түсірген **Нұрболат НҰРЖАУБАЙ**

Басы 1-бетте

ӘКІМ ЕСЕБІНЕН

ҚОСШЫҢЫРАУҒА ҚАШАН ГАЗ КЕЛЕДІ?

Қала әкімі Асылбек Шәменовтің кезекті есепті кездесуі Қосшыңырау ауылдық округінде жалғасты. Ауыл тұрғындарының әлеуметтік мәселелеріне зейін қойып тыңдаған шаһар басшысы өзектілігіне қарай тиімді шешу жолдарын қарастыру қажеттігін атап өтті.

Бұл елді мекенде жер мәселесі өзекті болып отыр. Ауыл тұрғындарының айтуынша, ертеректе осында жұмыс істеген «Үміткер» шаруашылығы төрағасы тұрғындардың жерлерін заңсыз өз атына рәсімдеп алған. Енді ол жерлерді үлескерлер өздеріне қайтарғысы келеді. Бұл мәселеге қатысты қала әкімі алдағы уақытта архив құжаттарын қайта көтеріп, заңдылығына сәйкес тұрғындар талабы ескерілетінін жеткізді.

– Мәселемізді айтып, меселіміз қайтып отыр. Соған жәрдем жасасаңыздар. Сонымен қатар ауылға тезірек газ кірсе деген тұрғындар тілегі бар, – деді Мәриам Айтанова есімді зейнеткер.

– Жақында Энергетика министрі Сыр еліне келеді. Сонда сіздердің ауылға «көгілдір отын» кіргізу жөнінде ұсыныс айтылады. Ал жер мәселесі арнайы комиссия арқылы жан-жақты терең зерттеліп, халықтың үлесі қайтарылады, – деді қала әкімі.

Елді мекенде өткен жүздесуде жергілікті тұрғындар Досан ауылына жаңадан дәрігерлік амбулатория салынса, «Алтынбай» каналының көпірі жөнделсе деген ұсыныс тілектерін де жеткізді.

Кездесуде қала әкімі қалаға қарасты елді мекендерге мемлекет тарапынан барынша қолдау жасалынатындығын, айтылған әрбір ұсыныстың ескерусіз қалмайтындығын жеткізді. Сондай-ақ Досан ауылындағы 17 көшеге және Қосшыңырау ауылдық округіндегі емханаға дейінгі аралыққа жарықтандыру жұмысы жүргізілетіні айтылды.

БЕЛКӨЛДІКТЕРДІҢ БАЗЫНАСЫ ҚАНДАЙ?

Қалаға іргелес орналасқан Белкөл кентінің бағдары айқын, келешегі кемел. Мұнда халықтың көпшілігі теміржол саласында жұмыс істейді. Кентішілік мәселелер де жоқ емес. Оның жай жапсарын талқылап, елмен етене болу мақсатында шаһар басшысы Асылбек Шәменов Белкөл кентіне барды.

Қала әкімі алдымен тұрғындарға жаңадан сайланған кенттің жаңа әкімі Жасұлан Сәдуді таныстырып, оған халықпен тығыз байланыс орнатуды жүктеді. Ол белкөлдіктерге жақсы таныс, кент әкімдігінде ұзақ жылдан бері қызмет атқарып келеді.

Содан соң кенттегі №189 орта мектептің мәжіліс залында қала әкімінің есепті кездесуі өтті. Жиында қаланың өткен жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы мен биылға жоспарланған міндеттері жөнінде баяндалып, кент тұрғындарының ұсыныс пікірлері тыңдалды.

– Біз осы өлкенің байырғы тұрғынымыз. Кезінде аты дүркіреп республикада танылған кентіміздің бүгінгі бет бейнесі жаман емес. Дей тұрғанмен «Бас жарылса бөрік ішінде, қол сынса жең ішінде» деген халық мақалы бар. Барлығын жамап жасқап, жақсы дегеннен жұмыс бітпейді. Сондықтан сіздерге айтар ұсынысымыз медициналық қалдықтар өртелетін орынды басқа аумаққа көшірілсе құба-құп болар еді. Халықтың тағы бір түйткілді мәселесі қоғамдық көліктің аздығы болып отыр. Кентке қатынайтын №16 маршурт ғана. Оның өзі арасы ұзақ. Тіптен таңертең немесе кешкі уақыттарда сыймай қалып жатамыз. Осыны бір ретке келтіріп берсеңіздер, – деді кент тұрғыны Сартай Қайруллаев.

Қала әкімі Асылбек Шәменов медициналық қалдықтар өртелетін орын халыққа зиян келмеуі керектігін атап өтіп, оның жақын арада шешілу жолдарын қарастыратынын жеткізді. Сонымен қатар бұл мәселеге қатысты арнайы бөлім басшыларына тапсырма жүктеп, оның орындалу барысын өзі қадағалайтынын айты.

Бұқара мен билік арасындағы ашық диалог алаңына шығып, сөз сөйлеушілер қатары қалың болды. Бәрінің мұң мұқтажы ортақ. Ел ішіндегі ескерілер істерді бірігіп шешсек деген ниет.

– Халық көтерген мәселелер орынды. Біз бұл ұсыныстардың барлығын ескереміз. Өздеріңізбен келісе отырып, тиісті шаралар қабылдаймыз. Сол бір мүдде жолында жұмыс істеуге шақырамын, – деді шаһар басшысы.

Кентте көп жылдан бері халық көтеріп жүрген мәселенің бірі – мәдениет үйі. Бұл жолы да белкөлдіктер әкім назарына осы мәселені ұсынды.

– Халқымызда «Ел іші – өнер кеніші» деген даналық сөз бар. Арнайы мерекелік шаралар өткізетін бірден-бір орын осы клуб үйі. Қазір ол жердің жағдайы аса мәз емес. Іргесі сонау кеңес заманында қаланған. Бүгінде ескірген ғимарат жастардың мәдени шаралар ұйымдастырып өткізуіне қолайлы болмай отыр. Осы жағын жөнге келтіріп берсеңіз, – деді Дариха Бегалиева.

Қала әкімі Асылбек Өмірбекұлы бұл мәселені білетіндігін, ғимарат құрылысына қатысты республикалық бюджетке өтінім жолданатындығын жеткізді. Кездесуде жергілікті тұрғындар, жол, жарық, тұрғын үй секілді әлеуметтік маңызы бар мәселерді көтерді. Оған тиісінше билік тарапынан қолдау көрсетілетіні айтылып, кезең-кезеңімен іске асатыны жөнінде жауап берілді. Жаңа форматтағы жүздесу соңында тұрғындар қала әкімінің жұмысына сәттілік тілеп, мұндай ашық жиындар жиі өткенін қалайтындықтарын білдірді.

ҚЫЗЫЛЖАРМАҒА ОЙЫН АЛАҢЫ ҚАЖЕТ

Қала әкімінің кезекті кездесуі Қызылжарма ауылында жалғасты. Қазіргі таңда бұл ауылдық округте он төрт мың халық тұрады. Ауыл аймағы үлкейіп, тұрғындар қатары артқан.

– Елмен жүздесудің негізгі мақсаты – биліктің ашықтығын түсіндіру. Халықпен жариялы түрде пікір алмасу. Президент Жарлығына сәйкес жергілікті тұрғындармен кездесіп келемін. Жиында айтылған әрбір мәселені өзектілігіне қарай реттілігімен шешетін боламыз. Жасыратыны жоқ, қазір елдің ахуалы жаман емес. Негізгі капиталға салынған инвестиция артты. «Отбасы банк» арқылы көппәтерлі тұрғын үйлер табысталды. «Дипломмен ауылға» бағдарламасы аясында жастарға жан-жақты қолдау көрсетілуде. Халықтың сұранысына сай арнайы жоспарлы жұмыстар іске асуда. «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша жұмыстар жүруде. Қызылжармадағы қызу тіршілік болашақта да жандана бермек, – деді қала әкімі.

Атап өту керек, ауылдық округтің аумағы жаңадан қоныстанушылар санының артуына байланысты едәуір ұлғайған. Бұл әрине, инфрақұрылымды дамытуды талап етеді. Осы мәселеге орай ауыл әкіміне ең қажетті шаралар қабылдау жүктелді.

– Кешегі күн бүгінге, бүгінгі күн болашаққа өлшем бола алмайды. Ендеше елімізге ертеңгі нұрлы болашағымыз жас жеткіншектердің көзімен қарау керек. Соларға қажетті деп танылған спорт алаңы немесе балалар ойын алаңы салынса, – деді Жаңагүл Шағырова есімді тұрғын.

Сонымен қатар жиын барысында қала әкіміне көшелерді жөндеу, ауыз су қысымын күшейту, аяқ су айдауға насос орнату сынды ұсыныстар айтылды. Қала әкімі Қызылордаға қарасты елді мекендерге мемлекет тарапынан барынша қолдау жасалынатынын, айтылған әрбір ұсыныстың ескерусіз қалмайтынын жеткізді.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

ЖҰМЫССЫЗ ҚАЛСАҢ, ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМ ТӨЛЕНЕДІ

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, 2022 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан жұмысынан айырылуына байланысты 43 мың адамға әлеуметтік төлем төленді. Биыл 36,1 мың азаматқа төлем алғаш рет тағайындалды.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес жұмыстан босатылған қызметкерлер міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтіліне және соңғы 24 айдағы табысына байланысты 1 айдан 6 айға дейін жұмысынан айырылуы бойынша әлеуметтік төлемдер алады. Төлем қызметкер жоғалтқан табыстың 40%-не дейінгі мөлшерде мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Жұмыстан босатылған қызметкерге төлем тағайындау үшін:

– eGov.kz порталында тіркелу;

– «Жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту» бөлімінде «Жұмыс іздеп жүрген адамдарды тіркеу» қызметін таңдау;

– онлайн қызметке тапсырыс беріп, барлық жолдарды толтыру және ЭЦҚ-мен қол қою арқылы өтінімді жіберу қажет;

– бір күн ішінде өтініш берушінің тұрғылықты жері бойынша жұмыспен қамту орталығы бос жұмыс орындарын ұсынады;

– егер жұмыс табылмаса, 3 күн ішінде қашықтан жұмыссыз мәртебесі беріледі (қажет болған жағдайда қосымша ақпарат жинау үшін өтініш берушімен ХЖҚО қызметкері хабарласады).

Бұл қызметті онлайн режимде Электрондық еңбек биржасы (enbek.kz) арқылы да алуға болады.

Азамат жұмыссыз ретінде тіркелген соң еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ақпараттық жүйесі проактивті форматта мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төлем тағайындау бойынша қызмет көрсетуге келісім беру үшін ұялы телефонға SMS-хабарлама жібереді. Келіскен жағдайда SMS-хабарламаға жауап беру қажет. Төлем автоматты түрде тағайындалады.

Естеріңізге сала кетейік, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры қаражаты есебінен жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем жұмыстан босатылу себептеріне қарамастан жүзеге асырылады және жұмыссыз адам жұмыс іздеп жүрген кезеңде оны қолдауға арналған.

Бұдан бұрын хабарланғандай, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі электрондық еңбек биржасы арқылы халықты жұмыспен қамту орталықтарының қашықтан қызмет көрсету функциясын іске қосты.

Бұл жұмыссыздарды тіркеу және жұмыспен қамтуды қолдау үшін мемлекеттік қызметтерді, оның ішінде жұмысынан айырылу бойынша әлеуметтік төлемдерді алу рәсімдерін жеңілдетуге мүмкіндік берді. Енді барлығын тек интернет, компьютер және электрондық цифрлық қолтаңбаның көмегімен жасауға болады.

Бетті дайындаған
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДА ШЕТЕЛДІКТЕР ҮЛЕСІ ҚАНДАЙ?

Еңбек көші-қоны жаһандану дәуіріндегі қалыпты құбылыс. Жұмыс істеймін, табыс табамын дегенге кедергі жоқ. Әрине, ел асып еңбек ететіндер әң әуелі тәуір жалақы, жанға жайлы тұрмысы бар, өсуге мүмкіндік бар елді таңдайтыны сөзсіз. Шетелдіктер үшін Қазақстан жайлы ел қатарында. Ресми мәліметтерге сүйенсек, елде 1733 жұмыс беруші шетелдік жұмыс күшін тартудан белсенді. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 1 мамырдағы ақпараты бойынша уәкілетті органдар 15932 шетелдікке жұмыс істеуге рұқсат еткен. Бұл бір ай бұрынғыға қарағанда сәл аздау. Елде жұмыс істеуге рұқсат алған шетелдік азаматтардың еңбек нарығындағы үлесін төмендегіше талдауға болады: басшы және басшының орынбасары қызметі – 630, құрылымдық бөлімшелерде басшылық қызметте – 3154, мамандар – 7643, кәсіби мамандығы бар жұмысшылар – 837, маусымдық жұмыста – 1343, ұжымдық ауысумен келгендер – 2325 адам.

1 мамырдағы ақпарат бойынша шетелдік еңбек күші негізінен қай елден келгенін айтар болсақ: Қытайдан – 3613, Түркиядан – 1838, Индиядан – 1293, Өзбекстаннан – 1385, Ұлыбританиядан – 1083 адам келген. Бір айта кетерлігі, ішкі еңбек нарығын қорғау үшін еңбек миграциясына бақылау жасап отырады. Министрлік жыл сайын елге шетелдік мамандарды тарту үшін квота бөледі. Бұл квота 2021 жылмен салыстырғанда 16 процентке қысқарған. Бүгінде елге жұмыс істеуге рұқсат алуы мүмкін шетелдіктер саны шамамен 23560 адамды құрайды.

БЕЛКӨЛ КЕНТІНІҢ ӘКІМІН ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ХАБАР

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 14, 45, 113-11 баптарына сәйкес Қызылорда қалалық сайлау комиссиясының 2022 жылғы 16 мамырдағы шешімімен 2022 жылғы 15 мамырда сайланған Сәду Жасұлан Хабидуллаұлы Белкөл кентінің әкімі болып тіркелді.

Қызылорда қалалық сайлау комиссиясы

СООБЩЕНИЕ О РЕГИСТРАЦИИ АКИМА ПОСЕЛКА БЕЛКУЛЬ

В соответствии со статьями 14, 45, 113-11 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» решением Кызылординской городской избирательной комиссии от 16 мая 2022 года Сәду Жасұлан Хабидуллаұлы, избранный 15 мая 2022 года, зарегистрирован акимом поселка Белкуль.

Кызылординская городская избирательная комиссия

ЖОЛЖАЗБА

БАРСАКЕЛМЕС САПАРЫ

АҢЫЗ-ӘПСАНА

«Арал өңірі тұрғындары арасында «Барсакелмес» төңірегінде аңыздар көп. Солардың бірі былай баян етіледі. Есте жоқ ескі заманда Арал маңын мекен еткен тайпалардың арасында соғыс оты өршіп, бір басылмай, елдің берекесін алыпты. Осы тайпалардың ішінде Ләтпай дейтін ру басы болыпты. Соғыстан әбден ығыр болған Ләтпай құлақ естіп, көз көрмеген алыс жаққа кетіп қалуды армандайды. Содан «іздегенге – сұраған» дегендей, теңіздің қақ ортасында суы тұщы, шалғыны шүйгін, балығы мол, алуан түрлі аң-құсы бар, сексеуілі қалың ғажайып арал бар екенін естиді. Естиді де, сол аралға кетуге бекінеді. Бұлар мұз қатқанда күзер жасап, соның үстімен аралдың төріне жетіп алмақ болады. Қарамағындағы жұртын жартас түбіне әкеліп: «Шолпан туғанда жолға шығамыз», – деп хабар береді.

Шолпанның туғанын күтіп отырғанда, олар жаққан оттың маңайына жыртық шапанды, тесік тымақты бір ақсақал келеді. Сосын Ләтпайға қарап: «Бара жатқан аралдан қорықпандар, онда зұлымдық жоқ, қасқыр жоқ, адамдар да жоқ. Аралда табиғатты сақтасаңдар, бақытты да ұзақ өмір сүресіңдер. Ұрпақтарың ештеңеден зәрулік көрмейді. Мыңғырған мал болады. Аңқұсты өлтірмеңдер. Аққуларға тимеңдер», – дейді. Осыны айтқан заматта қария қарағылық қойнауына сүңгіп жоқ болады. Ләтпай оның Қыдыр екенін іштей сезеді. Төбеден Шолпан көрінген сәтте тайпа түгел орнынан қозғалып, мұзды күзердің үстімен тізбектеліп жүріп өтіп, аралдың қойнауына барып түседі.

Қысты осы аралда жақсы өткізген Ләтпайдың жұрты көктемге қарай тойына бастайды. Қыдыр атаның айтқандары айдай келіп, көп ұзамай олар байып кетеді. Осы ұзақ аңыздың ақыры аралдағы ағайынның күндердің-күнінде баяғы қарияның өсиетін естерінен тарс шығарып, сексеуілді отап, аң-құсты қырып, аққуға ауыз сала бастауы салдарынан бір түнде маңайды түгел ордалы жыланның жалмауымен аяқталады. Аңыз бойынша, сол қырғыннан сегіз жасар бала ғана аман қалыпты. Шамасы, елді түгел қырып тастауға ертегілерге тән есті сарын жол бермесе керек».

Иә, шынында қасиеті мен қасіреті адамзат тарихында елеулі орын алатын Аралда орналасқан Барсакелмес жайлы бұдан өзге де тереңнен қозғап айтатын әңгіме де, ел аузында аңыз-әпсана да жетерлік. Талай адам осынау тылсым дүниелерге елітіп, қасиетті өлкеге табан тіреген. Сондағысы арал жайлы молырақ біліп, жұмбақ құбылыстардың жауабын іздеу, мүмкіндік болса, көзбен көру. Солардың қатары жыл санап толығуда. Тіпті осыдан оншақты күн бұрын Барсакелместі көзбен көріп, мол дерек жинамаққа елордадан қарымды қаламгер, қазақ журналистикасының корифейі Жанболат Аупбай да ат басын Сырға тіреді.

Барсакелмес біздің ойда да көптен жүрген. Дегенмен соның сәті енді келгендей. Сәтін салғанда мен де «Сыр бойы» газетінің тілшісі Ержан Қожастың жанына қадірлі қонаққа жолсерік болып қосылдым. Іштей қуанғанымммен, жауапкершілікті арқалау оңай емес еді. Әрібері тарихтан сөз тартқанда алдына жан салмайтын кісімен сапарда жүруге жүрексінгенімді несін жасырайын? Көкейдегі алаң – «не істеймін?», «не айтамын?». Бірнеше күн осындай ойдың жетегінде жүрдім. Ол кісі жайлы сырттай естіп, хабардар болғаныммен, өмірде көрген кісім емес. Содан да болар қобалжулы едім. Хош, содан не керек, жұмыс пен үйде ол кісі жайлы ақпарат көздерін ақтарып, біраз мәліметке қанықтым. Былайша айтқанда, кішігірім «репетиция» болды.

Сөзімізді салмақтау үшін қазақ журналистикасының алыбы жайлы осы тұста бірер дерек келтіре кетейік. Жанболат Аупбай. Былайғы жұрт ол кісіні «Егемен Қазақстан» басылымының жылдар бойғы бас редакторы ретінде таниды. ҚХР-дың Шыңжаң өлкесіндегі Құлжа уәлаятына қарасты Текес елді мекеніндегі қазақ отбасында өмірге келген ол кейін ата-анасына рұқсат берілген соң Қазақстанға қайтып оралады. Содан Алматы облысының Нарынқол селосына тұрақтап, сондағы орта мектепті бітіргеннен кейінгі кезең тұтастай тарих деуге болады. Өйткені ҚазМУ-дің журналистика факультетін ойдағыдай аяқтап шыққан ол кейін республикалық «Ленинші жас», «Қазақстан коммунисі», «Халық кеңесі», «Ақиқат» сияқты басылымдарда әртүрлі қызметте болады. Кейінгі 20 жылдықта қазақ баспасөзінің қарашаңырағы «Егемен Қазақстан» газетінде бас редактордың орынбасары, уақыт өте 16 жыл газеттің бас редакторы болып қызмет атқарады.

Журналистика алыбының бүгінге дейін жарық көрген «Таңғажайып тағдырлар», «Бізге беймәлім бейнелер», «Автограф», «Ашылмаған аралдар», «Ұлылардың ұрпақтары», «Қазақстан» сынды кітаптары оқырманға жақсы таныс.

Кәнігі журналистің тақырыптары да сан қилы. Қаламгер қаламынан тағдыры таңғажайып қазақтар мен әртүрлі кезеңдегі өте сирек мамандық иелерінің ғұмыры және елімізде бұрын көп сөз болмаған табиғат құпиялары жайлы көптеген туынды өмірге келген. Жалпы ол кісі жайлы ұзынсонар қып айтар дүние жетерлік. Осыдан-ақ бұл сапардың қаншалықты жауапты екенін һәм өзім үшін үлкен тәжірибе екенін топшылау қиын емес еді.

КӨПТЕН КҮТКЕН САПАР

10 мамыр. Таңмен таласа тұрып, жол қамына кірістім. Сағат болса алты. Күн көкжиектен көтерілгенше жұмысқа жетіп, керек-жарағымызды түгендеп, Жанболат ағаны күтіп алу үшін әуежайға беттедік. Біз үшеуміз. «Сыр бойы» газетінің тілшісі Ержан Қожас, Қызылорда мен Арал арасындағы 300 шақырымнан аса жолды еңсеріп, бізді апарып-алып келуге бел байлаған көлік жүргізушісі Асқар аға. Сосын мен.

Әне-міне дегенше әуежайға да келдік. Уақытында жетіппіз. Қонағымыз ұшақтан түсіпті. Қоңырау шалып, көп адамның арасынан тауып алдық. Бәріміз алғаш көріп тұрмыз ғой. Әуежай есігінің алдынан орта бойлы, ақ құба келген кісі қол бұлғады. Бұл біз күткен қабырғалы қаламгер Жанболат Аупбай болатын.

– Ассалаумағалейкүм, аға! – дедік біз қос қолдап сәлем бере.

– Уағәлейкумассалам. Қалайсыңдар, жігіттер, – деп жауап қатты жылы шыраймен ол кісі. Осылай аман-саулық сұрасқан соң, көлікке отырып, қалаға қайта бет алдық. Әріптесіміз Ержан Қожас жол бойы бізді жеке-жеке таныстырып, одан әрі қонағымызды ақырындап сөзге тартып келеді. Ол кісі алғашында томаға тұйық қалпынан айнымай, шешіле сөйлемегенімен Қызылордаға көп жылдан бері келмегенін, Сырдың суы тобықтан келіп қалғанына бір қазақтай алаңдаулы екенін жеткізді.

Әңгіме арасында қаламгердің «Афтограф» кітабының қалай шыққанын сұрады Ержан әріптесім:

– Былай ғой Ержан, белгілі бір тақырыппен газетке жұмыс істейсің. Арада 10-15 жыл өтеді. Оның ішінде қызық тағдырлар, табиғат құпиялары, тағы сондай айтылмаған, түртілмеген бірнеше бағыт кетеді. Сосын оны сұрыптайсың. Сұрыптағанда бір кітап шыға келеді. Мен кітап жазам деп алдыма мақсат қойған емеспін. Бар ойым газетке жақсы мақала беру болатын. Содан осындай дүниелер шықты, – деді қаламгер. Осылай мәнді әңгіме айтып келе жатып қонақ үйге қалай жеткенімізді байқамай да қалдық.

Алайда бірден сапарға шығамыз деген біз қалада түске дейін бөгелетін болдық. Өйткені кәнігі журналистің Сырға келгендегі негізгі мақсаты Барсакелмеске барып, Арал жайлы тың деректерді білу болғанымен тағы бірнеше шаруаны біржола бітіруді көзделген. Соның бірі – сатирик-ақын, жазушы Асқар Тоқмағамбетовтің ұрпақтарымен кездесіп, сұхбаттасу екен. Айта кетейік, журналист 1998 жылдан бастап «Ұлылардың ұрпағы» атты айдарды жүргізеді. Негізгі мақсаты – елге еңбегі сіңген, қазақ руханиятына саналы ғұмырын арнаған, атақты тұлғалардың балалары, немерелерінің бүгінгі жай-күйі, олар немен айналысып жүр, ұрпақтар сабақтастығы қалай өрбуде деген сұрақтарға жауап іздеу. Бұл сол сериялық мақалалардың жалғасы үшін керекті. Яғни күзде шығатын жаңа мақаланың нобайы болмақ.

Хош, содан қала көшелерін қуалап отырып, кезінде Асқар Тоқмағамбетовтің қызметтік үйі болған Сарқырамадағы бес қабатты үйге табан тіредік. Қазіргі таңда бұл үйде жазушының кіші қызы Аягөз Тоқмағамбетова тұрады екен. Ұзын сөздің қысқасы, қазақтың қарымды қаламгерінің шаңырағында болып, үш қызымен сырлы сұхбат өрбіді. Әуелі өзін мәдениетті таныстырған Жанболат аға келгендегі мақсатын қысқаша түсіндіріп өтті. Ол әңгіме барысында жауыр болған біркелкі, жаттанды сұрақ қоймай, жазушы өмірінен мол мағлұмат беретіндей 5-6 ғана сұрақ қойды. Соның өзінен көп дерек алды.

– Бұл үйде әкем 1975 жылдан бастап өмірінің соңына дейін тұрды. Үлкен атамыз Тоқмағамбет, әжеміз Ажар дүниеге жеті қыз әкелген. Сегізінші болып әкеміз дүниеге келген. Кейін тағы екі ер бала босанады. Бір ер бала тағы асырап алады. Ал әкемізден 11 бала тарағанмен бесеуі ерте шетінеп кетеді. Есейгені үш ұл, үш қызбыз. Бір әңгіме айтып берейін. Ең үлкен ағам Төребек Ұлы Отан соғысында қайтыс болды. Ол өте дарынды болған, бірақ әкеміз қысылып, оны онша қасына жолата қоймаған. Бір күні Қызылордаға Ғабит Мүсірепов келіп ағамның қарымқабілетін көреді де: «Асеке, мынадай баланы неге ауылда ұстайсың?» дейді. Әкеміз ол кезде Алматыда жұмыс істейді. Содан ағамызды Алматыға алып кетеді. Ағам мектеп оқып жүріп, комсомолға өтем деп жасына тағы екі жас қостырған. Мектеп бітірген тұста соғыс басталып, майданға сұранып кетеді. Содан 100-інші бригадада шайқасып жүріп, майдан шебінде ерлікпен қаза табады.

Әкеміздің бір естелігі бар. Сонда бірнеше дерек келтірген. Әкеміз редакцияда отырады. Ол кезде «Социалистік Қазақстанда». Қасындағы екі адам соғыстан келген хаттарды оқи жөнеледі. Кезек «Екі жауынгердің ерлігі» деген хатқа келеді. Сонда екі адамның ерлікпен қаза тапқанын және бірінің аты Төребек Тоқмағамбетов екенін баяндайды. Қаралы хабарды естіген әкем қан-қысымы көтеріліп құлайды. Алайда кейін тәуір болған соң анасы баласынан үмітін үзбесін, күйзеліске түспесін деп қара қағазды өртеп жібереді. Осылайша бұл хабарды өмір бойы жасырып өткен, – деді Аягөз Тоқмағамбетова.

Осылайша сұрақтан сұрақ, ойдан ой туып, төрт сағаттан аса бел жазбай жазушы туралы біраз әңгіме тыңдадық. Бір байқағаным, Жанболат аға әрбір жауапты мұқият тыңдап қана отырды. Бірақ біз секілді диктофонға басқанын байқамадық. Тіпті қаламмен қойын кітапшаны да түртпеді. Мұның сырын соңыра сұрармын деп, мен де үнсіз отыра бердім. Ақынның өмір жолы мен шығармашылығы, қилы кезеңдегі қиын сәттері туралы көп мағлұмат алдық. Содан соң жазушының жеке бөлмесіне барып, құнды қағаздарға көз жүгіртіп, жазылып үлгермеген біраз дүниенің нобайын көрдік.

Қазақ әдебиетіне өлшеусіз еңбек сіңірген тұлғаның шаңырағында біраз айналып, бата қайырып, негізгі сапарымызға аттандық.

АЛДЫМЫЗ АРАЛ

Сонымен біссіміллә деп, түсте жолға шықтық. Алдымыз – Арал, бағытымыз – «Барсакелмес». Астымызда корейлер шығарған аппақ «Кіа» көлігі. Жүрісі жылдам. Жүргізушіміз де талай темір тұлпарды тізгіндеген тәжірибелі кісі. Кезінде ата-бабаларымыз атпен жорттқан жолмен зырғып келеміз. Аралға дейін отыздан аса ауылдың үстімен өтеміз. Мұның барлығы Сырдария, Жалағаш, Қармақшы мен Қазалы аудандарының аумағында жатыр.

Қазір мамыр айының ортасы. Алайда Құдай сәтін салып, бүгін кішкене аспанда бұлт үйіріліп тұр. Әйтпесе, Қызылорданың шіліңгір ыстығы төбеңнен түскенде миыңды қайнатып жіберердей болады. Сырда күн ысыса, даланың сәні қашып, құмшауыт жерде қымсынбай өсетін жусанның да тынысын тарылтып қоя береді ғой. Көлік терезесінен шеті қиыры көрінбейтін, шөбін күн қақтаған далаға ауық-ауық көз салып келемін. Ертеректе осынау Сырдың бойы көк майса, шөбі шүйгін, «бақасы қойдай шулаған, балығы тайдай тулаған» мекен еді дегенге қазір кім сенер?..

Хош. Жол ұзақ. Ардагер журналиспен әңгіменің тінін тарқатып, біраз сауалға жауап алғымыз келіп отыр. Содан есіме Асқар Тоқмағамбетовтің үйінде ойыма келген сұрақ сап ете қалды.

– Аға, бағана сұхбат барысында диктофон қолданбағаныңызды байқадым. Ұмытып қалмайсыз ба, – дедім сұрағым сөкеттеу болса да. Ол кісі жымиды да: – Айналайын, балам, мен өмірімде диктофон қолданған емеспін. Оның екі жұмыс болады. Мен әңгімені зер салып тыңдаймын да, соны қорытып, сөзін ұғынықты етіп жазып шығамын. Тек кейбір маңызды даталарды жаңылыспас үшін қағазыма түртіп аламын. Бұл менің журналистикаға келгеннен қалыптасқан дағдым, – деп жауап қатты. Әр әңгімесін аузымның суы құрып тыңдаған мен бастырмалап, тағы бірнеше сұрақ қойдым. Өйткені мұндай мүмкіндік енді қашан туарын кім білсін?! Бұл кісінің кітабын оқып, біраз ақпарат көздерін ақтарғанымда әр мақаласын оқиға орнына не кейіпкеріне барып, көріп, жетер жеріне жеткізіп жазатынын пікірлерден көзім шалған. Келесі сауалым да соған орай қойылды.

– Сізді «Жиһанкез Жанболат» дейді екен замандастарыңыз. Әр мақаланызды жазу үшін қала мен дала кезуді, тіпті шетел асуды әуре көрмейді дейді сөздерінде. Бұл өзі қаншалықты рас әңгіме, аға? – деп едім, ол кісі сәл ойланды да:

– Ол былай ғой. Мен өмірімде интернет желісін және ондағы оңды-солды, ақ-қарасы белгісіз ақпараттарды қолданған емеспін. Қолданбаймын да. Мен көзбен көріп, қолмен ұстап, өзім сенімді болған жайтты ғана мақалама арқау етемін. Әңгімеден әңгіме шығады ғой. Соның бірін айтып берейін.

Жас күнім. Ол кезде «Лениншіл жаста» жұмыс істеймін. Алматыда. Бас редактор Сейдахмет Бердіқұловтың тапсырмасымен мақала жазу үшін Семейдің Абай ауданына аттандым. Бірақ діттеген мақсатыма жете алмай, басым салбырап, Семейден Алматыға қайта пойызға отырдым. Таңертең Аягөзден бір қария мінді. Алматыға емделуге кетіп бара жатыр екен. Таңсық совхозына жақындағанда алыстағы үлкен мұнараға көз тікті. «Анау не?» деп сұрадым жаңағы кісіден. «Қозы Көрпеш пен Баян Сұлудың мазары ғой, – деді ақсақал. – Күтімі жоқ. Төңірегін ешкім тазаламайды. Кім көрінген иектейді қасиетті жерді. Іргесіне сәйгел қуған сиырлар барып көлеңкелейді. Құртты ғой». Сол кезде лып етіп бір сезім оянды. Алматыға дейін билет алып қойған едім. Соған қарамастан, Таңсықтан түсіп қалдым. Содан сол мәселені әбден зерттеп, адамдармен жолығып, көзбен көріп келдім де, Алматыға қайтып оралған соң «Ғасырлар бәйгесінен озып келген» деген мақала жаздым ғой. Бас редактор риза болды. Қазақстанның әр түкпіріне түрлі мақалалар жазу үшін осылай талай сапарладым. Әлгінде айтқан жұрттың жиһанкез атауы осыдан болар. Мақаланы нақты ақпарат көзінен алу және оған толықтай сенімді болу бұл менің жеке ұстанымым, – деп бір оқиғамен мән-жайды түсіндіріп берді. Біз аң-таңбыз. Содан не керек, осылайша жол қысқартып, біраз әңгіменің тиегін ағыттық. Жол бойы тың ақпараттармен бөлісіп, біз көрмеген тұлғалар туралы деректер айтты.

4 сағаттық жолды артқа тастап, Қамыстыбасқа, бізше «Қамбаш» ауылына жеттік. Бұл ауылда талай тарихтың ізі жатыр. Кешегі Қамбар батырдың суға кетуін қоспағанда, анау бір төбеде Жанқожа батырдың орыс басқыншыларына қарсы шыққанда қылыш жасаған ұстаханасының ізі бар екен. Бұл енді басқа әңгіме. Сонымен Қамбашқа жеткенде жолайрықтан бұрылып, жол жиегіне тоқтадық. Мұнда бізді «Барсакелмес» мемлекеттік табиғи қорығы» директорының орынбасары Зәуреш Әлімбетова күтіп алды.

Ақтілек БІТІМБАЙ
Қызылорда – Барсакелмес – Арал – Қызылорда

Басы. Жалғасы бар.

РЕФЕРЕНДУМ: Қоғамдық штабтың іс-қимылы ширақ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұсынысымен 5 маусымда Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге бағытталған референдум өтетіні белгілі. Осыған орай барлық өңірде тарихи бастаманы қолдауға бағытталған қоғамдық штаб құрылды. Біздің өңірдегі штаб құрамына үкіметтік емес ұйымдар өкілдері, журналистер, ғалымдар, заңгерлер, қоғам белсенділеріжәне ниет білдірген 31 адам топтасты. Оның төрағасы болып Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің проректоры Жандос Базартай сайланды.

– Жұмыс тобы Ата заңның 33 бабына түзетулер әзірледі. Бұл – тұтас Конституцияның үштен бір бөлігі. Осы өзгерістерді енгізу туралы заң жобасы Конституциялық кеңестің қарауына жіберілді, жақын арада шешімін шығарады. Алдағы ауқымды әрі маңызды өзгерістер ел болашағына айрықша әсер етеді. Сондықтан мен Ата заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде республикалық референдум өткізуді ұсынамын», – деді Мемлекет басшысы.

Осыған орай түрлі сала мамандарынан құрылған топ мүшелері 6 мамырдан бастап, арнайы әзірленген әдістемелік құралдарын пайдалана отырып, халық алдында үгіт-насихат жұмыстарын бастады. Олар мемлекетіміз үшін тарихи маңызы бар саяси шарада азаматтық белсенділік танытып, референдумды лайықты өткізуге атсалысуға дайын екендіктерін жеткізуде.

– Қазақстанның әрбір азаматы Конституцияға өзгерістер енгізу қажеттігі туралы өз пікірін білдіруге құқылы екені заңда көрсетілген. Сондықтан біз Мемлекет басшысының Конституцияға ұсынылатын түзетулерді референдум шеңберінде бүкілхалықтық дауыс беруге шығару туралы шешімін қолдаймыз. Бұл – азаматтардың сенімін ақтайтын дұрыс қадам. Референдумның нәтижелері халықтың еркі мен оның ел болашағын түсінуінің айқын дәлелі болмақ. Біз күш-жігерімізді біріктіріп, республикалық референдум өткізуге дайындыққа атсалысамыз. Конституциялық түзетулердің мағынасы мен ережелерін түсіндіру, олардың Қазақстанның одан әрі дамуына қандай ықпал етуге қабілетті екенін жеткізу үшін еліміздің барлық өңірлеріндегі халықтың түрлі топтарымен белсенді жұмыс жүргізетін боламыз. Референдумды өткізу халықтың мемлекет жүйесін басқаруға тікелей бағытталған ауқымды өзгеріс. Біз күш-жігерімізді біріктіріп, азаматтық қоғам өкілдері ретінде белсенділік танытып республикалық референдумды лайықты ұйымдастыру және өткізуге жәрдем көрсетеміз, – деді облыстық қоғамдық штабтың төрағасы Жандос Базартай.

Бүгінде облыстық қоғамдық штаб барлығы 40-тан астам кездесу өткізді. Алдағы уақытта да бұл шаралар жалғаса беретін болады. Штаб бірнеше бағытта жұмыс істейді. Атап айтсақ, бірінші бағыт бойынша 12-19 мамыр күндері облыстық штаб мүшелері қаладағы білім саласының қызметкерлерімен кездесті. Осы кезге дейін 12 кездесу өткізілді. Алдағы уақытта 13 кездесу жоспарлануда. Ал екінші бағыт негізінде басқа салалар бойынша 7 кездесу өтті.Енді 23-30 мамыр күндері ірі ұжымдарда 5 кездесу ұйымдастырылады. Үшінші бағыт бойынша – облыстық кәсіподақ бірлестігімен штаб мүшелері 12 кездесу өткізіп, үгіт-насихат жүргізді. Сондай-ақ төртінші бағыт – ауданға іс-сапар. Жаңақорған мен Шиелі ауданында 18-19 мамыр күндері штаб мүшелері халықпен кездесіп, референдум туралы толық түсіндірді. Алдағы уақытта Байқоңыр қаласында 4 кездесу жоспарланып отыр. Сондай-ақ Сырдария, Жалағаш, Қармақшы, Қазалы, Арал аудандарының тұрғындарымен кездесіп, оларға Ата заңдағы өзгерістер мен толықтырулар туралы кеңінен түсіндірме жұмысы жүргізілмек.

– Қазіргі кезде халыққа жан-жақты түсіндіру мақсатында әлеуметтік желілер арқылы да белсенді жұмыс жүргізудеміз. Мәселен, YouTube каналдағы «Нүкте», «Ашығын айтсақ» бағдарламаларында штаб мүшелерінің қатысуымен арнайы подкаст түсірілді. Ал «Qyzylorda» телеарнасының «Қайырлы күн, Қызылорда» бағдарламасында, республикалық «PARASAT IDEAS» платформасында тікелей эфирге шықтық. Сондай-ақ қалалық «Қоғам тв» телеарнасының «Көзбе-көз» бағдарламасына спикер ретінде сұхбат бердік. Алдағы уақытта «Ақ пен қара», «Ақиқат алаңы» бағдарламасына түсу көзделіп отыр, – деді штаб төрағасы.

Бір сөзбен айтқанда, штаб мүшелері референдум кезінде қазақстандық қоғамдастықты топтастыру үшін жұмыс істемек. Себебі енгізілетін түзетулер саяси жүйені қайта құру үшін көптен күткен шараларды қамтиды. Бүгінде олар сол түзетулердің бәрін, Конституция қалай болатынын, болашағымызға не беретінін халыққа жіті түсіндіруде.

Расында, Жаңа Қазақстанның болашағы жарқын болсын десек, ел дамуындағы ең маңызды саяси және тарихи шешімнің қабылдануына, нағыз халық қалаған демократиялық қоғамның орнығуына баршамыз бір кісідей атсалысып, сөзсіз белсенділік танытуымыз қажет. Облыстық қоғамдық штаб мүшелері осындай абыройлы міндетті атқарып жүр.

Ақмарал ОЛЖАБАЙ

ЖҮРЕГІҢ – ЫСТЫҚ МОНШАДАЙ, КӨҢІЛІҢ – МЕЙРАМХАНАДАЙ

Халқымыздың даңқты ұлдарының бірі, Рейхстагқа ту тіккен батыр Рақымжан Қошқарбаев әскерден оралған соң, көп жыл бойы моншаның директоры, «Алматы» мейрамханасының бастығы қызметтерін атқарады. Сол Рахаң бірде қаламгер достарының арасында отырған кезде:

– Осы сендер менің әскердегі өмірімді, Рейхстагқа ту тіккенімді жаза бересіңдер. Менің содан кейінгі өмірімді неге жазбайсыңдар? Мәселен, мен қандай директормын, сол туралы пікір білдірсеңдер нетті? – деп базына айтады.

Мұны естіп отырған ақын Сырбай Мәуленов сол арада суырылып сөз алып:

– Мейірің – нұры мол сарай,
Мінезің – бейғам баладай.
Жүрегің – ыстық моншадай,
Көңілің – мейрамханадай, –
деп мақтап ала жөнеліпті.

ТОНЫМ ӨЗГЕРМЕЙДІ

Баспагерлердің бір жиынында «Қазақстан» баспасының директоры, баспагер-журналист Нұрмахан Оразбек өз ұсыныс-пікірлерін әдетінше қаттырақ дауыстап, нықтыңқырап айтса керек. Жиынға қатысып отырған салалық министр:

– Пікірлеріңіз дұрыс, бірақ дауыс тоныңыз ұнамайды, – деп ескерту жасайды. Сонда тура сөйлейтін Нұрекең кідірместен:

– Алпыс сегіз жылдан бергі тоным – осы. Енді келіп оны өзгерте алмаспын, – деп мінбеден түсіп кетіпті.

БҰЛ КІСІНІҢ МІНЕЗІ ПАМИРДІҢ АУА РАЙЫ СЕКІЛДІ

Қазақстан Жазушылар одағының басшылығына қос Ғабең – Ғабит Мүсірепов пен Ғабиден Мұстафин екі-екі реттен келгені баршаға аян (екі жолы да Ғабитті Ғабиден ауыстырып отырған). Бірінші хатшылыққа екінші жолы сайланғанда Ғабит Мүсіреповті қаламгерлермен таныстыруға сол кездегі Орталық Комитеттің хатшысы Нұрымбек Жанділдин ертіп келіпті. Осылай да осылай, сіздерге бірінші хатшылыққа біз Ғабит Мүсіреповті ұсынып отырмыз, соған қалай қарайсыздар? – дейді ғой, қалыптасқан дәстүр бойынша хатшы топ ортаға ұсыныс тастап.

Жиналған қаламгерлер бірінен соң бірі шығып, Ғабеңді жер-көкке сиғызбай мақтай бастайды. Сырбай Мәуленов ол кезде Одақтың партия ұйымының хатшысы екен, бір бұрышта үнсіз отырып қалыпты, соны байқаған Жанділдин:

– Бұл жөніндегі парткомның пікірін білсек деп едік, олардың пікірі қандай екен? – дейді Сырбайға шүйіліп.

Сонда Сыраған иығын бір қиқаң еткізіп, ырғатылып орнынан тұрыпты да:

– Бәрі де жөн ғой… Одаққа бастық болу осы Ғабеңнен қалған шаруа емес пе еді. Бұл кісінің мінезі Памирдің ауа райы секілді тым ыстық та болмайды, тым суық та болмайды. Үнемі жанға жайлы қоңыр салқын боп тұрады. Парткомның пікірі осы! – деп орнына қайта жайғасыпты.

МАҒАН ТИГЕНІ ОСЫ

Алдардың құлағы ісіп гүп болыпты,
Көшеде көршісі оған бай жолықты.
– Немене есектен құлақ алғанбысың?!
Есектің досы, – депті.
– Я, ақылын сіз алған соң,
Маған тигені осы депті.

ЖАЗҒЫШ ЖИЕН

Осы бала жазғыш болып кетті,
Кейде туады очерк.
Кейде біреуден толық бетті,
Ұрлай салады көшіріп.

КӨШЕДЕ

Бір әйел жүр қыдырып,
Баласын ертіп тәй-тәйлап.
Бір әйел жүр ит жетектеп,
Қауып алады, – деп айқайлап.

ӨЛЕҢ ЖАЗУ ДА АУРУ ҒОЙ

Өлең жазу да ауру ғой,
Кейде күнде жазасың.
Құлақ болса тыңдайтын,
Рахаттанып қаласың.

Кейде түнде жазасың,
Оянып кетсе әйелің,
Өлең тамақ бола ма?
Алма дейді жұрттың мазасын.

Нұрлыбай ТАУБАЕВ

МЕНІҢ ШАНЫШҚЫМ ӨЗІМЕ ҒАНА ҚЫЗМЕТ ЖАСАЙДЫ

Ақын Ұлықбек Есдәулетов бірде американдық бір досын Алматыдағы ұлттық тағам жасайтын асханаға ертіп апарады. Арнайы тапсырыспен бір табақ ет келгенде, американдық шанышқымен іліп-шоқып жейді де, Ұлықбек қолмен асайды. Бұған таңданған американдық жігіт:

– Сен өз халқыңның озық ойлы зиялы өкілісің. Етті неге шанышқымен жемейсің? – деп сұрақ қояды.

Сонда Ұлықбек:

– Достым менің, сен ұстап отырған андағы шанышқымен бұл асханада күніне кемінде жүз адам тамақ ішеді. Ал менің «шанышқым» тек өзіме ғана қызмет жасайды, – деп етті асап жіберіпті.

СІЗДІҢ ОРНЫҢЫЗДА БОЛСАМ, 3 СОМ БЕРЕР ЕДІМ

Ертеректе белгілі режисер әрі актер Асанәлі Әшімов бірде таксиге мінеді. Асанәлінің жанында баласы Сағи болса керек. Тиісті жерге келіп есеп айырысқанда 2 сом 18 тиынның орнына Асанәлінің ұсағы болмайды да, 2 сом 15 тиын беріп шыға береді. Бұған ыңғайсызданған ұлы Сағи:

– Әке, мен сіздің орныңызда болсам, 3 сом берер едім, – депті. Сонда Асанәлі:

– Әрине, сен 3 сом бере аласың, өйткені сенің әкең бар, ол саған жоқшылықтың не екенін білдірмей өсірді. Ал мен болсам, әкесіз болып жетілдім, – деген екен.

Дайындаған **Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ**

ГЕНДЕР-ПАТИ
(интермедия)

Сахнаға екі дос бір-біріне қуанышын жасыра алмай, айқайлап шығады.

– Менің әйелім бала көтерді. Мен әке атанамын. Мен әкемін!

– Енді ана емессің ғой. Не болды өзің туатындай жар салып?

– Мені мазақ қылма. Құттықтамайсың ба одан да. Мен әке боламын.

– Ал, құтты болсын! Қанша ай болды?

– Үш ай! Білесің бе, үш ай! Саусағымен көрсетеді.

– Мен қайдан білейін? Сенің балаң ғой. Енді не істейміз? Мені неге шақырдың? Жууға ма? Байтұрсынов көшесінің бойында жаңадан ашылған кафеге барамыз ба? Әлде...

– Досым, тұра тұр. Сені шақырған себебім, бұл қуанышымды әйелімнің есінде қалатындай атап өту керек, соған жоспар құрайық. Менің бірінші балам ғой. Гендер-пати жасаймыз.

– Ұл бола ма, қыз бола ма?

– Ұл болғыздырамыз. Соған дәу шар алып қойдым. Міне. Дайындалайық. Қазір келіншегім келеді. Ата-анамды да шақырдым. Олар да ұл болғаның қалайды. Тек...

– Не болып қалды?

– Келіншегім қыз болғанын қалап тұр. Соған сен көндіруің керек.

– Өмірі осы. Үйленгенде де көндіріп бердім. Бөлек шығармауға да көндірдім. Енді әйеліннің ішіндегі балаңа араластырасың ба?

– Соңғы өтініш, досым. Біріншісін ұл етесің, сосын өзі білсін не туса да.

– Мен саған сиқыршымын ба, әлде әулиемін бе? Әлде Аяз атамын ба? Қызық екенсің.

– Қазір келіншегім келіп қалады. Тездетейік.

– Жарайды. Шарыңды әкел. Үпілеп жіберейін. Сосын балаға есім қою керек. Есім дайын ба? Кім дейміз?

Осы кезде досының әке-шешесі келеді. Амандық-саулықтан кейін іске кіріседі.

– Балам, дайынсыңдар ма? Гуляны көндірдің бе?

– Гуляны досым Қанат көндіретін болды. Көк конфетий қайда, шардың ішіне салып, үрлейміз.

Әкесі мен досы шар үрлеп, дайындыққа кірісіп жатады.

– Балам, ұлымыздың есімін әкең екеуміз ақылдасып, Азамат деп қоятын болып келістік. Еліміздің үлкен азаматы болып...

– Мам, бұл ат болмайды. Эрик болсын. Азамат деген ескі.

– Қалай ескі. Қазақша есім ғой. Сенің есімің Жанат. Қазір есіміне сай жан-жағыңды жандырып, биіктен көрініп жүрсің. Азамат – елге тұтқа болар үлкен есім. Эрикте не мағына бар? Еріп кете ме сонда? Жарамайды бұл.

– Мам, мен де зерттедім. Эрик деген неміс тілінен аударғанда құрметке ие болатын патша деген сөз. Қазіргі жағдайды өзіңіз білесіз. Құрметсіз патшалар көбейіп кетті. Халықты ойламайды, жемқорлар шеттерінен. Ал, менің балам ертең ел басқарып, коррупциямен күресіп, құрметке ие болатын патша болады.

– Пah шіркін-ай! Ниетіңді қабыл етсін, досым. Апа, Жанат дұрыс айтады. Эрик деген керемет есім ғой. Келесісін ұйқастырып, Серік қоя салады. Сосын Берік, Өрік, осылай кете береді.

– Сендер де бір. Мақұл. Аман болсыншы бірінші.

Сахнаға келіні Гуля шығады. Ата-енесіне сәлем салып, Жанатпен сүйісіп амандасады.

– Айналайын, келін-ау. Баламды неше күн көрмеп едің? Қатты сағынып қалыпсың ғой. Ұлымды жақсы көргеніне қарағанда ұл босанатын сияқтысың. Сөзге әкесі араласады.

– Нең бар сенің? Сүйе берсін, қайтесің. Өзінің күйеуі ғой.

– Пап дұрыс айтады, сүйгенде тұрған не бар? Өзімнің туған күйеуім. Айтпақшы, мама, мен қыз туатын боп келісіп келдім,- дейді келіні.

– Кіммен?

– Мамаммен. Ішіме қарап тұрып айтты.

– Немене құдағайдың көзі УЗИ ма еді?

– Әй, кемпір, шынымен құдағай бірдеңені біліп айтады. Алғаш құда болып барғанда маған ұзақ қарап тұрып, бір бөтелкеден мас болатынымды дөп басқан,– деп, шалы сөзге араласады.

– Сенің түрін айтып тұр ғой екібастан. Мақұл, кім тусаң да, аман бол. Бірақ баланың жынысын сен де, мен де, құдағай да білмейді.

– Енді кім біледі, апа?

– Мына шар біледі? Қазір жарған кезде анықталады? Қызыл бола ма, көк бола ма, сол кезде дөп бола ма, білеміз.

– Жарайық онда, апа,– дейді келіні.

– Әуелі сендерге тілек айтайық. Сәбидің бауы берік болсын! Аман-есен дүниеге келіп, отбасын қуантсын. Бәрі кезек-кезек тілектерін арнайды. Содан кейін шарды жарады. Шар жарылып кетіп, ішінен көк конфетий ақтарылады. Келіннің көзі жасаурап сала береді. Осы кезде сахнаға әжесі шығады.

– Әй, не болды? Не жарылды?

– Апа, сәлем бердік. Шар жарылды. Гендер-пати жасап жатырмыз. Дәл келдіңіз. Келініңіз ұл босанатын болды. Құтты болсын!

– Не дейді? Шардың ішінен бала шықты ма, немене? Менің немереме шардың не қатысы бар? Бұл қайдан келген бәле? Дәстүрлеріңді білмей, айдалаға лағаласыңдар, түге. Тарихымызда гендер, пендер деген болған жоқ. Анау жоғары жақтағы бала тумайтын бастық әйелдердің шығарып жүргендері ғой. Білмесеңдер айтайын, аяғы ауыр әйелге қатысты ертеден келе жатқан дәстүрді пати емес, құрсақ шашу тойы деп атайды. Шар жарып, әуре болмайды. Одан кейін екіқабат әйелдің қиналмай босануы үшін жасайтын ырымды жарыс қазан дейді. Әй, келін, сен енесің ғой, соны айтудың орнына мына желкілдектердің ізінен еріп, шар жарып жүргенің не? Ішінен бала шыға келеді деп ойладың ба? Түрлерің құрсын.

– Апа, кешіріңіз. Қазір бәрі жасап жатқан соң, балалардың көңілі үшін деп...

– Көңіл үшін болса, дұрыс, пайдалы нәрсе жасамайсыңдар ма? Шардың жарылғанынан ана жақта менің жүрегім дүрс етті. Ана келіннің ішіндегі шарана шардың даусын естіп, құлағын басып жатқан шығар сендердің ақымақ тірліктеріңді естіп. Бұл – жаман ырым. Қазіргі дүниеге келіп жатқан сәбилердің осындай дыбыстан керең болып, ата-аналарының тілін алмай жүргені ақымақ әрекеттеріңнің кесірі.

– Әже, кешірім сұраймыз. Ұл бола ма, қыз бола, бір құдайдың қолында екенін енді түсіндік. Батаңызды беріңізші бізге.

Немересі мен келіні әжесінің алдына тізерлеп, бата сұрайды. Жанына досы да отыра кетеді. Ұлы мен үлкен келіні де қолдарын жаяды.

– Түсінгендеріңе шүкір, айналайындар. Қазақтың салт-дәстүрлері тұнып тұрған тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге. Өткеннің ізін жалғастыру сендердің қолдарында.

Сұрасаң бата берейін,
Үстем болсын мерейің.
Ұлтты алға сүйрейтін,
Болашаққа сенейін.

Дастарханың бай болсын,
Көңілдерің жай болсын!
Келіндердің пейілі,
Салт-дәстүрге сай болсын.

Басыңа бақ орнасын,
Қызыр болсын жолдасың.
Патиға бас ауыртпай,
Құрсақ шашу тойласын.

Жоғалмасын салтымыз,
Өсе берсін парқымыз.
Бәле-жала, қауіптен
Аман болсын халқымыз.
Әумин!

Көбегеннің НҰРЛАНЫ

СЕМИНАР

Қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Жастар орталығында» «Үшбас спорттық асық ойынын ойнаудың әдіс-тәсілдері мен технологиясы» тақырыбында республикалық семинар өтті.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫН НАСИХАТТАЛДЫ

Республикалық семинарға Тараз халықаралық инновациялық институтының дене тәрбиесі және спорт кафедрасының меңгерушісі Бекболат Шилібаев, Ы.Алтынсарин медалінің иегері, ардагер ұстаз Атынсары Шүренов, қазақ барыстары Нұрым Сәлімгереев, самбо және қазақ күресінен Азия чемпионы Мақсат Исағабылов пен «Спорт жұлдыздары» журналының бас редакторы Мұсағали Тасқалиев қатысты.

Жиында «Үшбас» ойынын ойлап тапқан Бекболат Шилібаев пен Тараз мемлекеттік университетінің «Дене шынықтыру және спорт» кафедрасының доценті Бекболат Аманжолұлы ойынның ережесін түсіндірді.

«Үшбас» ойынның белсенді түріне жатқызылады. Басты ерекшелігі, оны жыл он екі ай бойы ойнауға болатындығында жатыр. Ол үшін 12 қой асығы, 3 қызыл түсті сақа және жеңіл тақтайша қажет. Ойынның ережесінде оны жас ерекшеліктеріне байланысты бірнеше топқа бөліп ойнату қарастырылған. Мәселен, 6-10 жас аралығындағы бүлдіршіндер асықты 1 метр жерден көздеуге тиіс болса, 11-16 жастағы жасөспірімдер үшін

бұл меже 2 метр деп бекітілген. 17 жастан асқан ойыншылар «Үшбастан» үздік шығуы үшін асықты 3 метр қашықтықтан атып түсіруі керек. Ойыншыларға бір ойында 3 атыс жасауға рұқсат берілген. Олар сақаларын қаз қатар тігілген 12 асыққа қарай бағыттай атады. Өзіне берілген 3 мүмкіндікті мұлт жібермей, торға асықты көп түсірген ойыншы жеңімпаз атанады.

Семинарда сонымен қатар «Спорт жұлдыздары» журналының бас редакторы Мұсағали Тасқалиев «Ұлт батырлары» мен «Ұлы дала батырлары» кітаптарын қазақ барыстарына сыйға тартып, алдағы байрақты бәсекеде сәттілік тіледі.

Қатысушылар тек қана «Үшбас» ойынымен танысып қана қоймай, жаңадан шыққан командалық тоғызқұмалақ ойыны туралы ақпарат алды. Семинар соңында қатысушыларға арнайы сертификаттар табысталды.

Баглан ҚАЛИЕВ,
қалалық білім бөлімінің әдіскері

Театр – халықты эстетикалық адамгершілік пен ізгілікке тәрбиелеудің құралы. Сондықтан өскелең ұрпақтың арасында өнердің осы бір түрін дамыту өте маңызды.

МЕКТЕП ТЕАТРЫ

Биылғы оқу жылында білім беру ұйымдарының тәрбие бағытындағы жұмыстарының мазмұнын толықтыру мақсатында «Мектеп театры» жобасы қолға алынған болатын. Жобаны енгізудегі мақсат – оқушылардың шығармашылығын дамыту, балалардың бойына рухани қазынаны сіңіру және елжандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу, баланың сөйлеу мәнерін жақсарту, көпшілік алдында өзін ұстай білу, жан-жақты дамуына ықпал жасау.Аталған жоба аясында мектебімізде «Менің сүйікті кейіпкерім» тақырыбында 5-6 сынып оқушылары арасында сахналық қойылым бойынша сайыс өткізілді. 6 «б» сынып оқушылары «Мақтаншақ бай», 6 «ә» сынып оқушылары «Алдар көсе мен бай», 6 «в» сынып оқушылары «Аяз би», 5 «ә» сынып оқушылары «Жақсылық пен жамандық» және 5 «б» сынып оқушылары «Қаңбақ шал» ертегісін сахналап, өз өнерлерін көрсетті. Оқушылардың театр үйірмесіне деген қызығушылығы жоғары. Әрбір кейіпкерді сомдауға барын салып, кейіпкердің образын ашуға тырысты. Іс-шара соңында жас әртістеріміз арнайы алғыс хатпен марапатталды.

Талантты оқушылардың басын біріктіретін үйірменің балаларға берері көп. Жобаның мүшелері де сахнада өздерін еркін ұсатуға, кейіпкер бейнесін ашуға, шығарманың мазмұнын толық түсініп, сахналап шығауға машықтанып келеді. «Балалар жылы» басталған бұл жоба мектеп оқушыларының шығармашылық қабілетін дамытып, жаңа таланттардың жолын ашары сөзсіз.

Айгүл СКАКОВА,
М.Шоқай атындағы №187 ақпараттық технология мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 4261 Тапсырыс №807

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторыАқмарал ОЛЖАБАЕВА